

Тақырыбы:

**Инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019
жылдарға арналған “Нұрлы жол”
мемлекеттік бағдарламасының ерекшелігі**



Жоспар

- ❖ Бағдарлама паспорты;
- ❖ Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және оны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері;
- ❖ Негізгі бағыттар, қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар
- ❖ Бағдарламаны іске асыру кезеңдері
- ❖ Қажетті ресурстар

БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ

Бағдарламаның атауы	«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарының 4-тармағы
Бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар	Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар
Бағдарламаның мақсаты	Қазақстанның ұзақ мерзімді экономикалық өрлеуін қамтамасыз ету мақсатында хаб қағидатында тиімді инфрақұрылым құру негізінде елдің макроөңірлерін ықпалдастыру арқылы бірыңғай экономикалық нарық қалыптастыру

Міндеттер

1. Шұғыла қағидаты бойынша тиімді көліктік-логистикалық инфрақұрылым құру.
2. Индустриялық инфрақұрылымды және туристік инфрақұрылымды дамыту.
3. Бірыңғай электр энергетикалық жүйе шеңберінде энергетикалық инфрақұрылымды нығайту.
4. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының инфрақұрылымын және жылумен, сумен жабдықтау мен су бұру желілерін жаңғырту.
5. Азаматтар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру.
6. Білім беру саласының инфрақұрылымын дамыту.
7. Кәсіпкерлік субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Іске асыру мерзімі

2015 – 2019 жылдар

Нысаналы индикаторлар

Мынадай нысаналы индикаторларға қол жеткізу:

- 1) 2019 жылы 2014 жылға қарағанда ЖІӨ-нің 32,7 %-ға өсуін қамтамасыз ету;
- 2) 2015 – 2019 жылдары 402,6 мың адамға арналған жұмыс орындарын құру, оның ішінде:
тұрақты – 94 мың адам;
уақытша – 308,6 мың адам;
- 3) 2019 жылы базалық инфрақұрылым сапасы бойынша ДЭФ рейтингін 53-орынға дейін жоғарылату.

Қаржыландыру көздері мен көлемі

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры есебінен жалпы шығыстар:

2015 жылы – 621 млрд. теңге;

2016 жылы – 525 млрд. теңге;

2017 жылы – 3 млрд. АҚШ долларына дейінгі баламаны құрайды.

Халықаралық қаржы

институттарының қаражаты есебінен қоса қаржыландырудың

индикативтік көлемі шамамен 8,97 млрд. АҚШ долларын құрайды.

Ұлттық компаниялар мен даму институттарының меншікті

қаражаты есебінен қаржыландыру 215,1 млрд. теңгені құрайды, оның

ішінде:

2015 жылы – 31,3 млрд. теңге;

2016 жылы – 30,6 млрд. теңге;

2017 жылы – 61,1 млрд. теңге;

2018 жылы – 72,1 млрд. теңге;

2019 жылы – 20 млрд. теңге.

Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және оны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

Бағдарламаның мақсаты – Қазақстанның ұзақ мерзімді экономикалық өсуін қамтамасыз ету мақсатында хаб қағидатында тиімді инфрақұрылым құру негізінде елдің макроөңірлерін ықпалдастыру арқылы бірыңғай экономикалық нарықты қалыптастыру.


Қойылған мақсатты шешу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

1. Шұғыла қағидаты бойынша тиімді көліктік-логистикалық инфрақұрылым құру.

2. Индустриялық инфрақұрылымды және туристік инфрақұрылымды дамыту.

3. Қазақстан Республикасының БЭЖ дамыту шеңберінде энергетикалық инфрақұрылымды нығайту.

4. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының инфрақұрылымын және жылумен, сумен жабдықтау және су бұру желілерін жаңғырту



5. Азаматтар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру



6. Білім беру саласындағы инфрақұрылымды дамыту



7. Кәсіпкерлік субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін олардың қаржыландыруға қолжетімділігін жақсарту арқылы жоғарылату

Негізгі бағыттар, қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар

- ❖ Хаб қағидаты негізінде аумақтық даму бірыңғай нарықты және елдің макроөңірлері арасындағы өзара тығыз байланысты қалыптастыруға бағытталады.
- ❖ Бұл еңбек және өндіріс ресурстарын бөлудегі теңгерімсіздік пен теңсіздік деңгейін төмендетеді, инфрақұрылымдық қолжетімділік пен макроөңірлердің өзара байланысын жоғарылатады, іскерлік және экономикалық белсенділіктің өсуіне маңызды әлеуетін береді.
- ❖ Әлемде 9-орын алатын Қазақстан аумағының көлеміне байланысты елдің бірыңғай экономикалық нарығын қалыптастыру үшін елдің макроөңірлерін инфрақұрылымдық ықпалдастыру арқылы хаб қағидаты бойынша аумақтық даму қамтамасыз етілетін болады.
- ❖ Астана қаласы солтүстік макроөңірдегі хаб болады. Өскемен қаласы орталық-шығыс макроөңірдің хабы болады. Ақтөбе қаласы батыс макроөңірдің, ал Шымкент пен Алматы қалалары оңтүстік макроөңірдің хабына айналады.
- ❖ Астанадан коммуникацияның барлық түрлері басқа макроөңірлердің хабтарына бағытталады. Макроөңірдің басқа ірі қалалары екінші деңгейдегі қалалар ретінде дамытылатын болады, олар шұғыла қағидаты бойынша хабтармен тығыз байланысты болады.

- ❖ Хаб қағидаты негізінде аумақтық даму бірыңғай нарықты және елдің макроөңірлері арасындағы өзара тығыз байланысты қалыптастыруға бағытталады болады.
- ❖ Бұл еңбек және өндіріс ресурстарын бөлудегі теңгерімсіздік пен теңсіздік деңгейін төмендетеді, инфрақұрылымдық қолжетімділік пен макроөңірлердің өзара байланысын жоғарылатады, іскерлік және экономикалық белсенділіктің өсуіне маңызды әлеуетін береді.
- ❖ Әлемде 9-орын алатын Қазақстан аумағының көлеміне байланысты елдің бірыңғай экономикалық нарығын қалыптастыру үшін елдің макроөңірлерін инфрақұрылымдық ықпалдастыру арқылы хаб қағидаты бойынша аумақтық даму қамтамасыз етілетін болады.
- ❖ Астана қаласы солтүстік макроөңірдегі хаб болады. Өскемен қаласы орталық-шығыс макроөңірдің хабы болады. Ақтөбе қаласы батыс макроөңірдің, ал Шымкент пен Алматы қалалары оңтүстік макроөңірдің хабына айналады.
- ❖ Астанадан коммуникацияның барлық түрлері басқа макроөңірлердің хабтарына бағытталады болады. Макроөңірдің басқа ірі қалалары екінші деңгейдегі қалалар ретінде дамытылатын болады, олар шұғыла қағидаты бойынша хабтармен тығыз байланысты болады.

Осы Бағдарлама мынадай бағыттар бойынша басым жобаларды іске асыруға бағытталған

Көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту

Индустриялық инфрақұрылымды және туризм инфрақұрылымын дамыту

Энергетикалық инфрақұрылымды дамыту

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту

Тұрғын үй инфрақұрылымын нығайту

Кәсіпкерлік субъектілерін және іскерлік белсенділікті қолдау

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту

Кәсіпкерлік субъектілерін және іскерлік белсенділікті қолдау

Институционалдық даму

Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Бағдарламаны іске асыру 2015 – 2019 жылдар аралығындағы кезеңде бес жылға есептелген, оның ішінде:

I кезең

2015 – 2017 жылдары көліктік-логистикалық секторда жобаларды іске асыру жалғасады, индустриялық және энергетикалық инфрақұрылым салу, жылумен, сумен жабдықтау және су бұру желілерін жаңғырту мен ауыстыру, жалға берілетін тұрғын үй салу және пайдалануға беру бойынша іс-шаралар жүзеге асырылады.

Білім беру инфрақұрылымы кеңейтіледі және ЖОО-лардың материалдық-техникалық базасы қалыптастырылады.

Назарбаев Университетінің Astana Business Campus ғылыми паркі жұмыс істейтін болады.

ШОБ пен ірі кәсіпкерлікке кредит беруге бөлінген қаражат толық игеріледі. Институционалдық даму жөніндегі жобаларды дайындау және оларды іске асыру бойынша ХҚҰ-мен келісімдерге қол қою жүзеге асырылады.

II кезең

2018 – 2019 жылдары көлік, энергетика және индустрия секторларындағы инфрақұрылымдық жобаларды толық аяқтау үшін іс-шаралар жүргізіледі.

Жалға берілетін тұрғын үйдің жоспарланған көлемінің құрылысы аяқталады.

Индустриялық инфрақұрылым құру жалғасады.

Экономиканың басым салалары үшін жоғары білікті кадрлар даярлау жүзеге асырылады.

ХҚҰ-мен бірлесіп, институционалдық жобаларды іске асыру жалғасады.

Қажетті ресурстар

- ❖ Бағдарламаның іс-шаралары мен инвестициялық жобалары негізінен Ұлттық қордың қаражаты есебінен қаржыландырылады.
- ❖ Бағдарламаны іске асыру үшін тартылатын Ұлттық қор қаражатының жалпы көлемі 2015 – 2017 жылдардағы кезеңде 9 млрд. АҚШ долларына балама соманы немесе жыл сайын 3 млрд. АҚШ долларын құрайды.
- ❖ Ұлттық қордың қаражаты республикалық бюджетке нысаналы трансферттер түрінде де, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне облигациялық қарыз түрінде де тартылатын болады
- ❖ Бұдан басқа, Бағдарламаны іске асыру үшін республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, ХҚҰ-дан үкіметтік сыртқы қарыздар, мемлекеттік емес және мемлекет кепілдік берген ХҚҰ қарыздары, ұлттық компаниялардың, даму институттарының меншікті қаражаты, сондай-ақ капитал нарығында тартылатын өзге де қаражат тартылатын болады.

- ❖ Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландыру қолданыстағы мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыруға көзделген қаражат шеңберінде жүзеге асырылатын болады.
- ❖ Халықаралық қаржы институттарының қаражаты есебінен қоса қаржыландырудың индикативтік көлемі шамамен 8,97 млрд. АҚШ долларын құрайды.
- ❖ Жобаларды қаржыландыру үшін тартылатын ХҚҰ қарыздарының көлемі қарыздарды дайындау және қол қою барысында нақтыланады.

Жобаларды іске асыру үшін Ұлттық қор қаражатынан 2015–2017 жылдары мынадай жобаларға қаражат бөлінеді:

Автожол жобалары

Автожол саласындағы жобаларды іске асыруға Ұлттық қордан 316,7 миллиард теңге сомасына қаражат бөлінеді, оның ішінде:

- 1) Орталық-Оңтүстік (Астана – Қарағанды – Балқаш – Күрті – Қапшағай – Алматы) автомобиль магистралін салу және реконструкциялау – 97 млрд. теңге, оның ішінде 2015 жылы – 57 млрд. теңге, 2016 жылы – 40 млрд. теңге;
- 2) Орталық-Шығыс (Астана – Павлодар – Қалбатау – Өскемен) автомобиль магистралін салу және реконструкциялау – 127 млрд. теңге, оның ішінде 2015 жылы – 77 млрд. теңге, 2016 жылы – 50 млрд. теңге;
- 3) Орталық-Батыс автомобиль магистралін салу және реконструкциялау – 8,4 млрд. теңге, оның ішінде 2015 жылы – 2 млрд. теңге жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге, 2016 жылы – 6,4 млрд. теңге;
- 4) республикалық маңызы бар басқа жолдарды реконструкциялау – 84,3 млрд. теңге, оның ішінде 2015 жылы – 42 млрд. теңге, 2016 жылы – 42,3 млрд. теңге.

Теміржол жобалары

Теміржол саласы мен көліктік логистиканың жобаларын іске асыруға кейіннен «ҚТЖ» ҰК» АҚ капиталдандыра отырып, Ұлттық қордан республикалық бюджетке нысаналы трансферттер арқылы мынадай жобаларға 46,3 млрд. теңге сомасында қаражат бөлінеді:

1) Шу – Алматы-1 учаскесінде екінші жолдарды салу – 27,7 млрд. теңге, оның ішінде, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның қаражаты есебінен 11,9 млрд. теңге сомасына қоса қаржыландырумен 2015 жылы – 8,3 млрд. теңге, 2016 жылы – 19,4 млрд. теңге, оның ішінде 2015 жылы – 3,5 млрд. теңге, 2016 жылы – 8,3 млрд. теңге;

2) Боржақы – Ерсай т/ж желісінің құрылысын аяқтау – «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның қаражаты есебінен 2,8 млрд. теңге сомасына қоса қаржыландырумен 2015 жылы 6,7 млрд. теңге, оның ішінде 2014 жылы – 0,3 млрд. теңге, 2015 жылы – 2,5 млрд. теңге;

3) Құрық портында паромдық өткел салу, ол мынадай құрылым бойынша қаржыландырылады: құрылыстың жалпы құны – 16,4 млрд. теңге, оның ішінде Ұлттық қордан 2015 жылы – 4,8 млрд. теңге, 2016 жылы – 7,0 млрд. теңге, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның меншікті қаражаты – 2015 жылы – 2,1 млрд. теңге, 2016 жылы – 2,5 млрд. теңге.

Тұрғын үй инфрақұрылымының жобалары

Тұрғын үй объектілерін салуды және (немесе) сатып алуды барлық көздерден қаржыландырудың жалпы көлемі 250,0 млрд. теңгені құрайды, оның ішінде:

1) «ҚИК» ИҰ» АҚ-ның жалға берілетін тұрғын үйін салуға арналған Ұлттық қордың қаражаты – 145,0 млрд. теңге, оның ішінде 2015 жылы – 92,5 млрд. теңге, 2016 жылы – 52,5 млрд. теңге;

2) «ҚИК» ИҰ» АҚ тұрғын үй салу аудандарында ИКИ жобалауға, салуға және (немесе) сатып алуға облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктеріне нысаналы трансферттер түрінде республикалық бюджетке Ұлттық қордан берілетін қаражат – 35,0 млрд. теңге, оның ішінде 2015 жылы – 17,5 млрд. теңге, 2016 жылы – 17,5 млрд. теңге;

3) 2017 – 2019 жылдары облигацияларды орналастырудан тартылған, «ҚИК» ИҰ» АҚ меншікті қаражаты – 50,0 млрд. теңге;

4) 2013 – 2014 жылдары «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасы шеңберінде бөлінген «ҚИК» ИҰ» АҚ меншікті қаражаты – 29,2 млрд. теңге;

5) 2017 – 2019 жылдары қаражатты қайта пайдалану арқылы «ҚИК» ИҰ» АҚ меншікті қаражаты – 25,8 млрд. теңге.

Жоғары білім беру саласында ИИДМБ-ның базалық 10 ЖОО-ның материалдық-техникалық базасын дамытуға 6 млрд. теңге жұмсалады.

Айталық, жылдар бойынша қаржыландыру:

- 1) 2015 жылы – мектептерге 23,5 млрд. теңге, балабақшаларға – 6,5 млрд. теңге, жоғары оқу орындарына – 3 млрд. теңге;
- 2) 2016 жылы – мектептерге 23,5 млрд. теңге, балабақшаларға – 6,5 млрд. теңге, жоғары оқу орындарына – 3 млрд. теңге;
- 3) 2017 жылы – мектептерге – 23 млрд. теңге, балабақшаларға – 7 млрд. теңге құрайды

Халықаралық қаржы ұйымдарымен жобаларды қоса қаржыландыру

ХҚҰ-мен жобаларды республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру мақсаттары үшін мынадай мөлшерде қаражат бөлінеді:

2015 жылы – 39,2 млрд. теңге;

2016 жылы – 52,3 млрд. теңге;

2017 жылы – 64,1 млрд. теңге.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. <http://adilet.zan.kz>
2. <https://stud.kz>
3. <https://primeminister.kz/kz/>
4. <http://referatikz.ru>
5. <http://www.myshared.ru>